




ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Цензура және қарама қайшылық.
Темірқазық және алтын сандық





I.

Армысыздар! Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабының негізіндегі дәрістердің екінші тақырыбында цензура болуы керек пе, жоқ па соны талдаймыз. Билік пе ақпарат құралдары қарама-қайшылыққа көңіл бөлеміз. Одан әрі осы дәрістің екінші бөлігінде өзіміздің отандық журналистикаға ең қажетті сөз өнеріне арналған ғылыми еңбектерді таныстырамыз. Алдымен Хиллиард мырзаның кітабынан алынған дәрісімізге құлақ түріңіздер.

Бірнеше ондаған жылдары түрлі елдерде ашық немесе түрлі айла-шарғымен жүзеге асатын цензураны кейінгі жылдары кері шегіндірген ақпарат әлемі пайда болды. Ол – Интернет. Оның аудиториясы бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Өйткені мұнда аудиторияның әрбір мүшесі коммуникациялық процеске қатыса алады. Айталық телевизия көрушінің немесе радио тыңдаушының белсенділігі одан әлдеқайта төмен. Газет пен журнал оқушылардың процеске қатысуы мүлде шектеулі. Интернетті қолданушының ақпарат алу мүмкіндігі де мол. Мұнда бір сәтте бір тілдің өзінде мыңдаған ақпарат алдан шығады. Әрі әрбір тұтынушы өзіне қажет медиа ұсынысты алдын ала жіктеп, бөліп, реттеп алады. Ютубтағы арналарды таңдау мен әлеуметтік желідегі тіркелген профил мен болг арқылы әркім өзінің медиа кеңістігін өзі жасайды. Бүгінде интернетті цензурамен шектеу қиын. Ол сондықтан ең ашық ақпарат құралы болып саналады. Әрине мемлекеттік қызметтер Интернетті бақылауда ұстау үшін сервистер мен провайдерлер жасайды. Соның өзінде бұл реттеуге көнбейтін барынша бостандыққа ие болған сала екені даусыз.

Ақпарат құралдарындағы продюсерлер Интернетті тек өзінің медиа өнімін кең тарату үшін пайдаланады. Сөйтіп мұнда басқа аудитория қалыптасқанын, оның өз ережесі барын және дәстүрлі ақпарат құралдарына еш ұқсамайтынын ескере қоймайды.

Осы тұста «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабының авторы Роберт Хиллиард мырза интерактивті деген терминге ерекше назар аудартады. Бұл сол сәтте он-лайн оқылатын мәтіндерді жазудағы шешуші тұтқа саналады. Журналистке Интернетке арналған мәтіндерді жазуда үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өйткені ол мәтіндегі деректерді оқыған кез-келген адам сол сәтінде басқа дерек көздерімен салыстырып тексере алады. Авторды мәтінді тудырушы ғана емес, бедел иесі не жол бастаушы деуге де болады. Ол материалды уыстан шығармай нығыздап жазуы керек. Оқырман әлгі ақпаратты басқа қайдан оқыса да осы автордың ойлар мен сезімдеріне келіп тоқтауы тиіс. Медиа үлгінің жазылу түріне қарамастан автор өзінің материалы баршаға түсінікті екеніне сенімді болуы керек. Интернет дегеніміз шеті мен шегі жоқ базар сияқты. Бұл базарды бағындыру ешкімге оңай соқпайды. Сондықтан мұнда контент жасаушылар оған тұтастай ықпал ете алмайды. «Фортуна» журналында Даниэль Рот дәстүрді бұқаралық ақпарат құралдарына мақала жазғандардың интернет айдынына бейімделуі қиын екенін айтқан еді. Олар Интернетті жүзеге асыратын техникалық мамандарға тым биіктен қарайтын. Одан кейін техникалық мамандардың дәуірлеу уақыты басталды. Олар бәрін шешетін тұлғаларға айналып кетті. Бір қуаныштысы қазір жазатындар мен техникалық мамандардың арасы қайта кіріге бастады. Екеуінің арасынан өздері жазып, өздері көркемдеп интернеттен ойып тұрып орын алатын жаңа буын пайда болды.

Интернеттің артықшылығы уақыт пен жағырапия жағынан еш шектеу көрмейді. Әлеуметтік желі бір-бірін бұра байланыс орнатты. Олар біртіндеп өздерінің жазу техникасын қалыптастыруда. Жоғарыда айтылғандай интернетте цензура бола қоймайды.

Ал баспасөзде, телевизия мен газетте қанша жерден жоқ десе де цензураның табы сезіледі. Олардың басшылары пікір қайшылығынан қорқады. Соның салдарынан телевизия мен радиода пікірлердің демократиялық жолмен алмасуына жиі-жиі кедергі кездеседі. Жоғары жақтағы ықпалды адамдар қалай бағалайды деп қарайлаудың соңы жарнама берушілер және демеуші болушылармен арадағы ынтымақтастыққа салқынын тигізіп жүр. Көптеген жарнама берушілер саяси бағыты біржақты жобаларға қатысудан бас тартады.

Өз кітабында Роберт Хиллиард өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Америка Құрама Штаттарындағы азаматтық құқықты қорғау қозғалысына телевизиялық хабарлар ықпал еткенін еске салады. Сол сияқты Вьетнамдағы соғыстың анық-қанығын да көпшілік телеарналар арқылы біліп отырды. Осы жерде салыстырып көрсек, Кеңес Одағының тұрғындарына Ауғанстандағы соғыста не болып жатқаны туралы шындық мүлде айтылмаған еді. Ал өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында Парсы шығанағындағы оқиғалар басталғанда АҚШ ақпарат құралдары үнсіз қалды. Бірақ, кешікпей олар үкіметті қолдаған сол үнсіздіктері үшін кешірім сұрады.

Авторлар мен жазушылар өз материалын дайындаған кезде түрлі тақырыптарды көтереді. Сол арқылы



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Цензура және қарама қайшылық. Темірқазық және алтын сандық
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

адамзаттық дамуға үлес қосады. Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабына қарағанда мұндай мәнді істі осындай ірі ауқымда атқаратын басқа сала мамандары аз көрінеді.

Осы түйінмен дәрістің бірінші бөлігін қорытындылап, екіншісіне ауысамыз. Мұнда қазақ тілінде жақсылап жазу үшін алдымен қандай кітаптармен қарулану қажеттігі сөз болады.

II.

Екінші сабағымыз өзіміздің жұмыс материалымызға арналады. Жоқ, бұл бұрынғы қағаз бен қалам, заман дамыған соң қазіргі пернетақта мен монитор, тіпті осы уақытта журналист тұрмақ жай пенденің қолынан түспейтін ноутбук пен смартфон емес. Оның бәрі көмекші құрал ғана.

Смартфон демекші, осы жерде өз көзімізбен оқыған, өз құлағымызбен естіген бір қызғылықты жәйтке тоқтала кетейік. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ баспасөзінің көшбасшысы «Егемен Қазақстан» газетінде ерекше жанр пайда болды. Екі тұлғаның бір-біріне хат жазуы. Бірі сол кезде осы газетті басқарған Шерхан Мұртаза болса, екіншісі сол тұстағы Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Камал Смайылов. Ол кісі онда аты «Мәдениет және тұрмыс» дегеннен «Парасат» болып өзгерген журналдың бас редакторы. Екі қайраткер ағамыз да Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің, яғни сол тұстағы парламенттің депутаты. Заң шығарушы органдағы тілге қатысты, жерге қатысты, жекешелендіруге қатысты, баспасөзге қатысты және басқа заң жобаларын талқылауда өте белсенді. Журналист әрі жазушы екендерін айтпағанда ұлттық мүдде үшін талай көкпарға түсіп жүрген саясатшылар. Бірге жүреді. Қатар отырады. Бірдай дауыс береді. Кейде тіпті кешкілік Алматыдағы Гоголь көшесінің бойындағы жаңадан салынған 12 қабатты баспасөз үйінің төмендегі барында араларына Қалтай Мұхамеджанов ағаларын қосып алып бірге отыратынны байқаймыз. Осылай қатар жүргенмен екі тұлға баспасөз бетінде бір-біріне хат жазысады. Заманның запыранын қозғайды. Алға қарай жүру үшін қайтпек керегін ақылдасады. Газеттің бір нөміріне Шерхан ағамыз түрлі ойларды қозғап Камалға хат жолдайды. Бірер күннен Камалдың оған қатысты пікірлері мен басқа да тың ойларға қатысты жауап хаты шығады. Сосын Шерағаң жауап береді. Кейін бұл хаттар «Елім саған айтам, Елбасым мен де тында» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Тақырыбын қазақтың «Қызым саған айтам, келінім сен де тында» меген мақалынан құбылтып алуы – журналистік шеберліктің шыңы шығар.

Екі тұлға неге баспасөз арқылы хат жазысты? Өйткені елге жетсін деді. Өптелі кезеңде көптің көзін ашу үшін бұл өте қажетті қадам еді. Осылайша қазақ журналистикасында өзгеше жанрға өріс ашылған. Өкінішті жері Камал мен Шерхан ағалардан кейін баспасөзде бір-бірімен хат жазысу деген публицистикалық жанр қайта жалғасын таппады. Бірер рет сыншы, филология ғылымдарының докторы, Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің профессоры Құлбек Ергөбек ағамыз замандастарына әдебиет мәселелері жөнінде бірер рет хат хазып, хабар алмасқан. Бірақ ұзақ жалғаса қоймады.

Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың осы хаттарының бірінде технологияға қытысты қызық пікір бар? Шерхан ағамыз баспасөз бетіндегі бір хатында «Камал-ау, осы «интернет» деп, «интелсат» деп жатасың. Ол қазаққа келгенде, оның не екенін біз сезінгенше, пайдаланғанша не заман өтер екен» дейді. Оған Камал ағамыз «бұл интернет осы уақыттың талабы, ол бізге интелсат жүйесі арқылы ғарыштан жетеді, сондықтан меңгеруге тиіспіз» дейді. Не деген көрегендік! Ол кезде Қазақстанның дербес спутнигі жоқ, ғарыштық байланыс үшін кезінде Кеңес Одағына қалып, Ресейдің меншігіне айналған Интелсат спутниктерін пайдаланатынбыз. Сол ғарыштық байланыс пен интернет міне тұрмысқа мүлде кіріп куетті. Балалар күректі көрсе таң қалуы мүмкін, ал смартфон бір жарым жасар балаға таңсық емес.

Сонымен қағаз бен қалам, пернетақта мен монитор, ноутбук пен смартфон көмекші құрал да, журналистің жұмыс материалы – сөз. Құрылысшының кірпіш қалайтыны сияқты журналист өз өнімін жасап шығу үшін сөзді ғана пайдаланады.

Бұған дейін бірінші сабақта әдебиетті сөз өнері дедік. Бұл біздің тұжырым емес. Алғашқы болып қазақтың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы осылай қорытынды жасаған. Кейін Ахметтің аты қапаста қалған заманда еңбегі еш кетпесін деп академик Зейнолла Қабдолов ғылыми, жоғары білім ортасына осы сөз өнері тіркесін қайта тірілтті. Өзінің әдебиет теориясына арналған оқулық кітабының аты етіп қойды. Бұл жөнінде біз сәл кейінірек терең әңгімелейміз.

Ендеше әдебиетпен іргелес қонатын журналистика да сөзді өнер деп таниды, өзінің өнімін жасаудағы басты жұмыс материалы деп санайды. Ол қаншалықты көп әрі көркем болса, журналистің қолынан, бұрын қаламынан дейтінбіз қазір пернетақтадан шыққан сюжеті мен мақаласы соншалықты әдемі де тартымды болып, жұтынып тұрмақ.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Цензура және қарама қайшылық. Темірқазық және алтын сандық
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Иә, қазақтың сөзі – біз білетін ең ғажайып материал. Журналистің жалғыз қаруы. Қайрасаң өткір, тіліп жүседі. Қайрай алмасаң жігерің құм болады.

Әлбетте, ана тілі алдымен ана құрсағынан бастап, одан туған үйде, аула мен көшеде, мектепте зердеңе жинала береді. Сөздік қорың неғұрлым мол болса, соғұрлым жүрдек жазасың. Айтпақшы, «ана құрсағында» деген тегін емес. Нәрестенің ақылды, зейінді болуы анасының құрсақтағы баламен сөйлесуінен, ақылдасуынан басталмақ. Ғылыми дәлелдерді тізіп жатпайық. Біздің тақырыбымыз емес.

Сосын баланың тілі қай тілде шықса, кейін журналист ретінде соны қолданады. «Екі тілде бірдей жазады» дегендердің өзі іштей бір тілінің күшті екенін мойындайды. Бұл өзі оң қол мен сол қол сияқты.

Сөз арасында айта кетелік, айтулы жазушымыз Төлен Әбдіктің «Оң қол» деген психологиялық повесі бар. Біз журналистерге көркем әдебиетті жиі оқындар дейміз. Сол сияқты орнықты психологиялық еңбектерді де үнемі оқып отыру керек. Өйткені, журналист үшін басты кірпіш сөз десек, соны қиыстыруда, сол арқылы жазылатын сюжет мәтіні мен мақаланы жүйелеуде, болашақ кейіпкерді табу мен сөйлете білуде психологиялық білім мен тәжірибе ауадай қажет. Ал мына «Оң қол» хикаясында осы психологиялық сәттер терең суреттеледі.

Журналист болу үшін сөз өнерін жетік меңгеру керек. Сөз өнері – әдебиет теориясы. Алдымен, сонымен танысу керек. Тура осы екі атау академик Зейнолла Қабдоловтың кітаптарында тұр. Журналист боламын дегендер ғалымның «Сөз өнері» атты кітабын толық оқып шығуы, жай оқымай конспектілеуі керек. Негізі бұл кітапты біздің кезімізде журналистика факультетінде оқытып, емтихан тапсыртатын. Қазір де солай шығар. Судент кезімізде бірінші басылымы «Әдебиет теориясы» деген атпен шықты. Сосын толықтырылып «Сөз өнері» деп қайта басылды. Осы кітап – жазу әлеміне аяқ басқанның бәрінің қолындағы шырақ іспетті.

«Сөз өнерін» университет қабырғасынан диплом алып шыққан соң да жиі қарап қою керек. Мәселен, кешке бір затты табу үшін, тіпті жайлы өмір сүру шам жағып қоясыз ғой. Оның жарығы түспеген жерде сізге керек бірдеңе жатуы мүмкін. Оны жарық болмаса таба алмай қалуыңыз кәдік. Бұл кітап та жазу әлемінде жүргендерге солай жарығын түсіреді. Сондықтан жиі қолға алып, еске түсіріп тұрғанна ұтпасаңыз, ұтылмайсыз.

Бұл кітапқа қатысты бірер пікірімізді білдіре кетелік. Зейнолла Қабдолов жоғары оқу орындарының филология мен журналистика факультеттері студенттеріне арнап өзінің осы теориялық еңбегін жазған кезде алаш арыстары ақтала қйомаған. Олардың еңбектері тақапта тығулы жатқан. Сондықан олардың кітаптары тұрмақ аттарын ауызға алу мүмкін болмады. Сөйтіп бұл кітапта өзіне дейінгі Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Қызылорда қаласында баспадан шыққан көрген «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу кітабына сілтеме жасай алмады. Оның ішіндегі көптеген теориялық талдауды пайдалана тұра, жалғастырып жатып ғалым әдебиет атасының атын жабады. Заман сондай болды. Тіпті жазып қойса ада, кеңестік цензурадан өткізе алмасы анық еді.

Зейнолла Қабдолов үшін шамшырақ болған Ахмет Байтұрсынұлының: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз» деп басталатын тұжырымын қисынын тауып өзінің кітабының аты етіп алды. Көкірегінде көзі бар жас осы «сөз өнері» деп аталатын тіркесті алғаш қолданысқа әкелген Ахмет Байтұрсынұлы екенін сезінер деп хойлаған шығар. Иә, заман алдаған жоқ. «Сөз өнері» кітабы жарыққа шыққан соң ширек ғасырда Ахмет Байтұрсынұлының аты өз замандастары Әлихан Бөкейхановпен, Мағжан Жұмабаевпен, Міржақып Дулатұлымен, Жақып Ақбаевпен және басқалармен бірге ақталды. Өкінішті жері ертерек шығып кеткендіктен «Сөз өнері» теориялық кітабында Ахмет Байтұрсынұлы еңбегіне сілтеме берілмей қалғаны

Мынаны да ескеру керек. Ахмет Байтұрсынұлының заманында қажетті материал мен мысал Зейнолла Қабдолов оқулық жазған тұстағыдан аздау болуы мүмкін. Есесіне қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері жетіп артылады. Оның үстіне Ахаң үлгіні тек қазақ әдебиетінен өзінен алып жазды. Ал Зейнолла Қабдоловтың заманында қол ұзарды. Көптеген аудармалар пайда болды. Жалпы адамзаттың әдебиетіне қатысты зерттеулер жасап, пікірлер айтуға мүмкіндік туды.

Екіншіден, Зекең бұл кітапты жазған тұста біз ресейлік империяның бір аймағы болдық. Оның салқыны оқулыққа да тиді. Зекең мысалдың көбін орыс әдебиетінен алуға мәжбүр еді. Сондықтан, ағылшын, жапон, түрік, испан тілді әдебиеттің мысалы жоқтың қасы шығар. Ол олқылықты жастар өздері толықтыра алады. Ең бастысы, әдебиетке қойылатын талаптар түгелімен осы кітапта.

Сөз өзі кірпіш болсын, тас болсын, әйнек болсын бәрібір, оны құрылысшы болып қалай жинасаң, солай сәулет берері даусыз. Ал сөзді сом алтын десек, одан қандай бұйым жасау және де шеберге қатысты. Шеберлікті алдымен оқу, сосын екінші маманның тәжірибесінен көру, үшінші өз ісінді беріліп істеу, ақыр



аяғында өзінді өзің жетілдіріп отыру арқылы шындайсың.

Бұл теориялық еңбекте сөздің ықпалын арттыру, ойды күшейту, ырғаққа түсіру үшін небір шеберлік тәсілдер ұсынылады. Оның кейбірі баршаға ортақ халықаралық терминдер жолымен жеткізілсе, кейбірінде академик Қабдолов қазақтың өз сөзінде сәтті қолданады. Мәселен, мына анықтама сөздеріне назар аударайықшы: айқындау, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, ұлғайту, кішірейту, қайталау, дамыту, түйдектеу және баяулату, сөз орнын ауыстыру, сөз тастап кету, егіздеу... Міне сөздің құдіретін жеткізу үшін Зекең қазақтың бай тілінен қаншама сөз тапқан десеңізші.

Тіпті шендестіруге қажетті бізге оқыған дәрісі әлі күнге құлағымызда. Ол үшін Зейнолла Қабдолов Абайдан мысал келтіретін. Атақты «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңін оқытады. Алдымен өзіміз қайтадан сол өлеңнің бас жағын бір еске түсіріп алайық. Қансонарда бүркітші шығады аңға,

Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға,

Алғашқы шумақтардан-ақ теңеу сөздерге көзге түсе бастайды. «Жақсы ат», «тату жолдас», содан кейін «ыңғайлы, ықшам киім». Осының бәрі аңшының өзіне деген сенімділігін арттырмай ма? Әрекеттерді сипаттағандағы тіркестер қандай: «Сылаң етіп» із жолығады. «Сымпың қағып» із кесушілер жүреді. Алыстан, шалғайдан демейді, «бір қырымнан» дейді. Бұл да өзгеше көркемдік із тастау тәсілі. Әрі қарай «Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға». Зекең осы тұста «пах-пах» дер еді. «Бүркіт» емес, «қыран» емес, – қандыкөз. Міне теңеудің шарықтау шегі. Осылай осылай ақыры шендестіруге келеді.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға. Үш көріністің қардың, бүркіттің және түлкінің суреті қосыла келе бір ғана суретке айналады. Керемет сұлу әйелдің шомылып жатқан сәті. Сөздің құдіреті осындай. Сөзбен сурет салу деген осы. Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабы әрбір журналистің басындағы жастықтың астында тұруы керек деп есептейміз.

Айтпақшы, «Сөз өнерін» жазу барысында Зекең көптеген өлеңдерді аударуға тура келді. Ғалым бұл істе ақын Қадыр Мырза Әлидің көмегін сұрады. Қадыр аға теориялық «Сөз өнері» кітабына орысшадан алынған барлық өлеңдер мен шумақтарды шегедей етіп аударып берген.

Әдебиет теориясын жетік білместен журналист боламын деп талпыну бекер. Мәселен, таулы-тастақты жолға шығарда атты да тағалап алу керек. Сонда аяғы таймайды, тасырқамайды. Журналист те жазу әлемін еркін аралау үшін өзін теориялық жағынан тағалап алуы керек. Бұл орайда академик Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнерінің» берері өте мол. Бұл тізімге Қабдоловпен қатарлас, иықтас ғалым Темірғали Нұртазиннің «Сөз құдіреті» зерттеу кітабы қосылады.

Хош. Жазуға талабы бар адам міндетті түрде Қадыр Мырза Әлидің «Жазмыш», «Иірім» кітаптарымен қатар Мұхтар Мағауиннің «Мен» екі томдығын оқуы керек. Әсіресе, екінші томы жазу тәсілдері мен машығын терең талдайды.

Жалпы, оқу керек. Әлем әдебиетінен бастап күнделікті газеттерге дейін. Жазамын және сол арқылы өзін танытамын деген жастар гаджеттегі ватсапты тастап, ғұламалардан, таланттардан қалған жазбаларды оқу керек.

Себебі оның мазмұнында ғана емес, пішімінде, Түсінікті тілмен айтқанда, формасында. Әрбір мақаланың өзінің формасы болады. Жанрын айтпағанда. Міне соны табу үшін осыған дейін белгілі жазушылар мен журналистер өз жазбасында қандай форманы қолданғанын көңілге түймей болмайды. Мәселе қайталауда емес. Соларды анық көре отырып, үнемі тың форма табуға ұмтылуда. Көп оқудың бір пайдасы осында.

Жазғанда сыртқы формамен қатар ішкі мазмұнды қызықты жеткізу үшін теңеу іздеуге, мақал-мәтел мен тұрақты тіркес келтіруге тура келеді. Ондай әшекейсіз жазба қызықты, тартымды шықпайды.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Цензура және қарама қайшылық. Темірқазық және алтын сандық
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Бұл орайда әрбір журналист қаруланып шығатын бір маңызды кітап бар. Оны атамас бұрын тағы бір салыстыруға жүгінейік.

Жазу жазып отырған адамды қайыстан белдік жасаушы шеберге теңейік. Теріні иіге, яғни малмаға салды. «Малма» Абайда бар:

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Малмадан соң терінің жүнін тықырлап тазалады. Сосын иледі. Иленген теріден қайыс тілді. Басына айылбас орнатты. Беліне дәлдеп тесіп шықты. Белдік бітті. Қанай бууға жарайды. Бірақ, әдемі емес. Тым қарадүрсін. Қайтпек керек? Енді не сәнді жіппен ою салып шығу керек, не күміспен нашықтау керек. Сонда көз тартар кемер белдік шығады. Мұның аты – көркемдеу.

Міне, әдемі белдікті қалай жасауды білдік. Сөз өнері де сол сияқты. Қара тілмен жазып шықтық. Енді нақыштау қалды. Бұл үшін не түрлі бояулы жіп, не күміс, тіпті алтын керек қой. Қайтеміз? Сандықты ашып, содан іздейміз. Міне, екінші кітап – осы алтын сандық.

Аты – «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі». Рас, кейбіреулер ондағы тұрақты тіркестің 80 пайыздайын бала кезден-ақ естіп өссе, кейбіріне оның небәрі 20 пайызы таныс шығар. Демек, осы кітап жазамын деген жанның қолында жүргені ләзім. Қашан толық жатқа білгенше. Бұл кітап кезінде академик Ісмет Кеңесбаевтың авторлығымен шықты. Негізі редакциясын басқарған, үстінен қарап шығу болуы мүмкін. Бұл кере-қарыс еңбекті жинап шығуда, құрастыруда тілші-ғалым Құлмат Өмірәлиевтің еңбегі көп сіңген деседі білетін адамдар. Қалай десек те, фразеологиялық сөздік жазарман қауым үшін өте керекті кітаптың бірінші тізімінде тұрады. Бейнелі сөз кез-келген мақаланың-сюжеттің ажарын кіргізеді.

Мәселен, әйел адамды көз алдымызға елестетейік. Шашын әдемі қыстырмамен жинап қойған. Сосын құлақта сырғасы бар. Мойында жарамысды алқа тұр. Саусақта сақина бар. Белдегі белдіктің әдемілігі өз алдында. Ояғында туфлиде тағы бір әшекей байқалады. Осының бәрін жинақтала келгенде әйелді сәнді етіп көрсетеді. Мақала мен сюжетте тұрақты тіркестерді орнымен қолдану, бейнелі теңеулерге бару осы осы сияқты. Қайталап айтамыз, орнымен қолдану. Әйтпесе, әлгі белгілі мысалдағы өн бойына, тіпті құйрығына дейін көзілдірік іліп алатын маймыл сияқты болып күлкілі болып қалары тағы мүмкін. Не нәрсе болсын өзінің шегінде, өлшемінде пайдалы. Шектен асып тұрса керісінше пайдасы емес, залалы тиеді.

Қалай десек те тұрақты тіркестерді жетік білу, орнына қарай қолдана білу керек. Өкінішке орай қазіргі журналистер тұрақты тіркестерді барынша кең қолдана алмайды. Ал көпшілігі оны не орнымен қолданбай, орынсыз жерге жұмсайды. Сөйтіп қате жібереді. Тіпті, тұрақты тіркестердің сөздерін өзгертіп жазатындар баршылық. Біз оларды жеке бір сабақта талдайтын боламыз.

Фразеологиялық сөздік қайта басылуы мүмкін, бірақ мазмұны өзгермейді. Ал, Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабын зерделі бір ғалым әлем әдебиетімен толықтыруы мүмкін. Мүмкін емес, тиіс. Ал, қазақтың тұрақты тіркестеріне ештеңе қоса алмаймыз. Ақырғысы Абай шығар: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». Беріде Бауыржан Момышұлынан айтқан: «Отан оттан ыстық», «Үлкенді – ізетте, кішіні – күзетке» сынды бірнеше тіркес. Әзілхан Нұршайықовтан қалған: «Газеттің өзі бір күндік, сөзі – мың күндік», Сәкен Жүнісовтен қалған: «Қазіргі байлық – алатын айлық». Міне, фразелогия мың жылдар қордаланып жиналды, ал оған әр он жыл бедерінде бір тұрақты тіркес қосылса, тәубе. Бірақ, бары ұмытылмауы, үнемі қолданыста жүруі керек. Бұл – жазушы мен журналистің мойнындағы жауапты міндет.

Кейінгі уақытта өздері мақал шығаратын жастарды байқап жүрміз. Бұл өте орынсыз, әбес әрекет деп санаймыз. Мақал әсте, ұйқас қуалап сөзді қиыстырып беру емес. Ол алды ғасырлар, соңы ондаған жылғы тәжірибенің қорытындысы. Бір нөрген жәйтті мақалға апйалдыра алмайсың. Ол типтік жағдайды қорытындылаудан барып, ой таразысында салмақтау нәтижесінде туындаған.

Әрі мақалдап сөйлеу үшін көп нәрсені көріп, бастан өткізу керек. Абай сияқты өзі қазақ, шығыс, әлем әдебиетімен сусындап бірақ соның ешбірінен хабарсыз, тек тұрмыс билеген, екінші жағына орыс өкетмдігі қысқан ортаға отыру керек. Бауыржан Момышұлы сияқты Қиыр Шығыста әскери даярлықтан өтіп, одан төрт жыл соғыста қан кешу, қаншама жолдасты, бастықтар мен бағыныштылардлы өз қолыменжерлеу және басқа қиындықтарды көру керек. Қиындықты көріп қоймай оның неден туғанны біліп, оны жеңу



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Цензура және қарама қайшылық. Темірқазық және алтын сандық
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

жолдарын ойластырып керек. Міне осындай үлкен сынақтан өткен және жан-жақты білімді адамдардың аузынан ғана мақал шығары даусыз.

Әуезовті де осы топқа жатқызуға боады. «Ел боламын десең – бесінді түзе» дегенді Мұхаң тегін айтапқан. Тәрбенің бала кезден басталарын білгендіктен осылай деген. Қазіргі кезде балалармен қазақ тілінде сөйлеспейтін аналарды көргенде осы мақалды барлық қаланың барлық көшесіне іліп тастағың келің. Оның өзі орындалмайтын стратегиялар туралы кермелерден гөрі халқымызға әсер етер еді.

Тағы айтпағымыз, жас кезде адамның жадысы бәрін тұтып қалады. Біз он алты-он жеті жасымызда оқығанымыздың бәрін жатқа айта беретінбіз. Қазір соның пайдасын көріп жүрміз. Ал қырық жастан бергі оқығанымыздың ешбірін жаттай алмаймыз. Осыны ескеру керек. Оқыған, миға тоқығанның бәрі керек кезінде қағаздағы қаламның, не компьютердегі саусақтың ұшына өздігінен құйыла береді. Біз үшін күнделікті жәйт.

Жазу ісіндегі бірінші саты осы – оқу. Екіншісін – басқадан үйренуді, одан әрі – өзің ісінді беріліп істеу мен шеберлігіңді арттыра түсуді алдағы тарауларда айта жатармыз.

Екінші сабақты пысықтау:

Жазу үшін алдымен сөз өнерінің теориясын меңгеру керек.

Журналистік сөздік қоры жеткілікті болғаны жөн.

Журналист форма табу мен мазмұнды байыту үшін ауыз әдебиетінен әлем әдебиетіне дейін білуі тиіс.

Бүкіл даналық сөз бен көркем әдебиетті неғұрлым жас кезде оқып алған дұрыс. Жылдар өткен соң адамның жадысы жаттау, еске сақтау қабілетінен айрыла бастайды.